

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» акпандары
№ 51 бүйрүгіна 9-косымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы З сәуірдегі
№ 115 бүйрүгіна 554 -косымша

**Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0 - 4 сыныптары үшін «Математика»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес өзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушыларда әлеуметтік бейімделуіне және дербес еңбек қызметіне дайындалуына ықпал ететін математикалық білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық жағдайларда дербес болуға, шаруашылық-енбек қызметін және колжетімді мамандыкты менгеруге мүмкіндік беретін математикалық білім, білік пен дагдыларды қалыптастыру;

2) білім алушыларда жағымды эмоционалдық-ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру;

3) оқушылардың тілін дамыту, оны арнайы математикалық терминдермен және үғымдармен байыту;

4) есептерді шешу, геометриялық сыйбаларды құрастыру туралы толық ауызша есеп беруге, өз қызметіне түсінік беруге үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сабактарға деген қызығушылықты, басқа білім алушылар мен ересектер арасындағы өзара байланыс жасай білуді дамыту;

2) білім алушылардың танымдық іс-әрекеттінің кемшіліктерін барынша өтеуге ықпал ету;

3) білім алушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлауын, ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу) дамыту;